

КӨШПЕЛІЛЕР ӨМІРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

*Аскарова Г.¹, Абдул Рахманұлы А.², Казтаева А.³, Каримова Г.С.⁴

*¹Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
[e-mail: gauhar_8@mail.ru](mailto:gauhar_8@mail.ru),

²Әдебиеттану магистрі, Қашықтан оқыту бөлімінің меңгерушісі,
Сулейман Демирел Университеті, Қаскелең, Қазақстан,
[e-mail: a.abdulrahmanuly@sdu.edu.kz](mailto:a.abdulrahmanuly@sdu.edu.kz)

³ «Әдебиеттану» мамандығының 1 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
[e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru](mailto:aiym.kaztaeva@mail.ru)

⁴PhD доктор, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
[e-mail: karimova_g77@mail.ru](mailto:karimova_g77@mail.ru)

Аңдатпа. «Ұлы даланың жеті қыры» бастамасы қазақ тарихына, этнографиясына, фольклорына қатысты зерттеулерге жаңа леп берді. Археологиялық және этнографиялық зерттеулер көрсеткендей, Ұлы Дала өркениетінің жылқыны қолға үйрету сынды жетістіктері адамзаттың мәдени дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Дегенмен, Ұлы даладағы жылқының рөлін әдеби және фольклорлық мұралар тұрғысынан кешенді зерттеу әлі күнге дейін жүргізілмеді. Бұл мақаланың өзектілігі жылқының Ұлы Даладағы рөлін, оның әдебиеттегі бейнесін талдау арқылы дүниежүзілік тарихтағы түркі мәдениетін тануға, әлемдік өркениеттегі өз орнымызды анықтауға бағытталғандығында. Бұл өз кезегінде қазақ тарихына біржақты баға беруді, соның ішінде атты қолға үйрету мәдениетіне қатысты еуроцентристік стереотиптердің мысалдарын жоққа шығара отырып, тәуелсіз ғылыми деректерге негізделген көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әдебиетіміздегі адам санасының қазынасына үлкен үлес қосқан мәдениеттің мұрагері екенімізді сезіндіретін әдеби шығармалар зерттеу нысанына алынды. Біздің әдеби мұрамыз өлкедегі тарихи үдерістерді жаңа концептуалды пайымдауға жетелеуі керек. Оның үстіне әдебиеттегі, поэзиядағы, халық ауыз әдебиетіндегі жылқының келбетін зерттеу – болашақты қалыптастырудың құралы.

Екінші жағынан, отаршылдық езгі қазақ болмысының эволюциялық дамуын тоқтатып, рухани дағдарысқа әкелді. Соның салдарынан империялық режим ұлттың сан ғасырлық этногенетикалық тегіне, мәдениетіне көлеңке түсірді. Көне шежіре көмескіленіп, қазақ елі мемлекеттігінен айырылып қала жаздады. Рухани жаңғыру идеясының заңды жалғасы болған бастама қазақ тарихын, әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін отарсыздандыруға жол ашты. Сондықтан, бұл зерттеудің мақсаты – халық ауыз әдебиетінен бүгінгі күнге дейінгі әдеби мұраларда көрініс тапқан жылқының ұлт үшін алатын орны мен маңызын ғылыми тұрғыда айқындап, адам тағдыры мен болмысын ашу үшін романдардағы жылқының интуициясын бейнелеу жолдарын талдайды. Бұл зерттеу салыстырмалы және сипаттамалық талдау әдістерін қолданып, қазақ әдебиетіндегі жылқы образына әдеби шолу жасау арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижесін қазақ және түркі елдері әдебиеті мен мәдениеті, этнографиясына қатысты ғылым салаларында қолдануға болады.

Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» атты гранттық жобасы (IRN AR 14872341) негізінде жарияланды.

Тірек сөздер: жылқы, Ұлы Дала, көшпенділер, ұлттық құндылық, мәдени код, атқа отыру, ауыз әдебиеті, дәстүр, этнографиялық үрдіс, ұлттық таным, Түркі мәдениеті, отаршылдық езгі, болмыс, ат мәдениеті.

Негізгі ережелер

Қазақ руханиятының жаңа дәуірі басталған тұста ұлттық әдеби мұрамыздағы жылқы бейнесі, мінезі, халық өміріндегі рөлі арқылы әлемдік мәдениеттегі орнымызды айқындау – басты мақсат. Біз өз кезегінде осы мақала арқылы қазақ дүниетанымының, ұлттық болмысының, этнографиясының, қала берді «жеті қазынасының» бірі ретінде әдебиетте жылқы малының пайда болуымен ұлы даланың адамзат өркениетіне қосқан үлесін ерекше атап өткіміз келеді. Жылқы туралы жазылған көркем шығармалар – дала даналығын дәріптейтін шығармалар жетерлік, осы зерттеуде соларға қысқаша шолу жасалатын болады.

Кіріспе

Ұлы даланың әлемдік өркениетке жасаған жеті сыйының бірі – жылқыны қолға үйрету мәдениеті. Алайда көшпелі қоғамның мәдениеті мен әдебиетінде жазба мұралардан гөрі ауызекі деректердің, туындылардың көп сақталуына байланысты біздің әлем өркениетіне қосқан үлесіміз кеңінен дәріптелмей қалып отыр. Қолға үйретілген жануардың ішкі үнін жандандырып, естіртіп, оны қалың жұртшылыққа жеткізетін, сол арқылы қоғамға ой салатын, ұлт пен оның мәдениетінің көркем көрінісін жасайтын, оны әлемге танытатын көпір болатын бұл сол халықтың әдебиеті, көркем туындылары және ауызекі әдеби мұрасы. Дегенмен, жылқы бейнесі қаһармандық эпостардан бастап қазіргі әдебиетіміздегі орталық образдардың деңгейіне дейін жан-жақты суреттелсе де, жеке зерттеу нысаны ретінде алынбай келді. «Жылқы қазақтың ұлттық руханиятына, қазақы жадысына, халықтық санасына айналғаны тарихи деректерден ғана емес, әдеби-мәдени ескерткіштерден философиялық ойлау жүйесінен де айқын көрініс тауып тұр» [1, p.218] десек те, оның әлемдік өркениеттегі маңызын танытуда әлі де атқарылар зерттеулер мен бастамалар болу қажет екені айқын.

Бұл бастамаларға тосқауыл жасап келген, мәдениетіміз бен тарихымызға зорлықпен таңылған еуроцентристік ойлау жүйесі жойылып, ұлтымыздың терең тарихына, рухани құндылықтарына, мұрасына жаңаша көзқарас қалыптастыру заман талабы. Ұлы дала халқының мәдени-саяси санасының жаңғыруы, тарихи шындықтың ашылуы, әлемдік философиялық ойдың дамуы ұлттық кодты, тарихи сананы жаңғыртып, қауіпсіздігімізді нығайтып, қоғамдық белсенділігімізді арттырады [2]. Жылқының көшпелі ғұмыр кешкен қазақ өміріндегі орны тым ерекше. А.Сүлейменовтың: «өзгелер маймылдан жаралса жаралған шығар, қазақ жылқыдан жаралған» деуі – қазақы дүниетанымымыз бен тұрмыс-тіршілігімізден туған ақиқат. Сондықтан әдеби туындылардағы жылқы бейнесін зерттей отырып, оны болашақтың

талаптарына сай бүгінгі күнімізді, болмысымызды қалыптастыру құралы ретінде қарастырамыз.

«Ұлы даланың жеті қыры» бастамасының артықшылығы – өткеннен сабақ алып, болашаққа темірқазық болып, ұлттық рухты оятып, бабалардың генетикалық қуатын танып, өміршеңдігін айқындап өтуінде. Оның үстіне, түркі әлемінің атамекені ретінде қазақ елі ата-баба аманатына адалдық танытып, өркениетті ойлаудың алғышарты ретінде әлемдік мәдениеттегі түркі әлемінің орнын танытуда бастамаларымен алда болуы талап етіледі. Ұлы даланың мұрагері болу – үлкен жауапкершілік.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Қазақ әдебиетінде тұлпарлар тарихын суреттеген шығармалар шоғыры бір төбе екенін айтып өттік. Бұл циклдағы жоспарланып отырған шығармалардағы жылқы рөлін нақты мәтіндік талдаулар арқылы екшеп, сараптау арқылы біз ұлтымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тұрмысын, өз тарихына деген пайымын, қала берді ұлт өмірінің болмысын тұтастай тани аламыз. Жылқы тақырыбы – тұтас ұлттың көкейінде, жан-дүниесінде сайрап, тұнып жатқандығына ел арасында кеңінен тараған күйлер де куәлік ете алады («Бозінген», «Желмая», «Ақсақ құлан» т.б.). Жылқыны дәріптеу арқылы ұлтты дәріптеп, ұлт құндылықтарын халық санасына сіңдіріп, түп-тамырымызды жете тану арқылы ұлттық сана көкжиегін кеңейте аламыз. Оның халық жадында жаңғыруы – ұлттық сананы бекітіп, ұлттық намысты жанып, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік береді және өмірлік ұстанымына әсер етеді. Қазіргі таңда ұлттық идея тұтас қоғамның ортақ мұрат-мақсатын көздейді.

Зерттеуде әр дәуірдегі тарихи-мәдени жағдайларды, оның әдебиетке әсерін тереңірек пайымдау үшін *тарихи-типологиялық әдісті* қолдану арқылы ұлттық әдебиеттегі жылқы тақырыбын игерудегі көркемдік ізденістер анықталып, жазушылардың әдеби үдерістегі көркемдік үлесі пайымдалды. М.Мағауиннің «Аласапыран» романының «Айшешек бегім» тарауында аштықтан өзегі талған Бесоба батыр астындағы ат жалының астынан бір тамырын қиып жіберіп, қанын жұтып әлденіп, жекпе-жекке шығатыны баяндалған. Бұл Марко Полоның «мен сіздерге айтайын, олар нәр сызбастан он күн бойы жүре береді... қажет болса атының қанын азық етеді; аттың қан тамырын кесіп, қанын ішеді» деген сөздерімен үндеседі. Демек, әрбір қазақ ұланы атқа зақым келтірмейтін тамырды тап басып таба біліп, өті жоқ таза жануардың қанымен де жан сақтағанын түсінеміз.

Тарихи-теориялық әдіс арқылы нысанға алынған мәселеге теориялық тұрғыдан келіп, көркем пішіндердің тарихи санада көрініс табуы мен дамуы зерделенді. Қоғам шындығын жылқы тағдырымен бірлікте алу, оның жай-күйіне бойлап, шығарманың тұтас бітімі (психологизмге құрылуы, сана ағымы т.б.), архитектурасы анықталады. Еуропалық жұртшылық он үш санынан қауіптенсе, қазақтар ұл баласын «он үште отау иесі» деп жеке отау тіктіруінің де мәнісін жылқымен байланысты ұғымда түсінуге болады. Халық арасында ерекше құрметке ие болған Күреңбай сынды сыншылар жаратылысында он екі

қабырғасы болатын жылқының болашақта жүйрік тұлпарға айналатынын жазбай танып, «он үшінші қабырғасы бар» деп таныған. Он үшінші қабырғаны қазақтар «қанат» дейді (*ертегілерде қанатты пырақ кездеседі, шығармашылық шабыт шақыратын – Пегас*). Жылқы бойындағы бұл даралық та жылқы тектес халық назарынан тыс қалмаған.

Мәдени-тарихи әдіс арқылы жазушы шығармасының сол дәуірдің мәдени-тарихи жағдайымен тығыз байланыста болатындығы, көркем шығарма – өмір айнасы ретінде туындайтындығы айқындалады (С.Сейфуллин «Қызыл ат» поэмасы, Ә.Кекілбаев «Бәйгеторы», Ұ.Нұрғалымұлы «Дайғашшы» т.б.). Қазақ арасында ат жарату мәдениетінің озық болғандығына «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа сұлудың Тайбурылдың қырық күндік жарауы кемдігін айтып, Қобыландының жорыққа шықпауын өтінген сөздері мен оның сөзін тыңдамай кеткен батырдың жолда соның зардабын шеккен оқиғасы дәлел. Сондықтан, біз бұл зерттеуде қазіргі әдебиет пен мәдениет теорияларында тұрақталып қалған кейбір түсініктерге де сыни шолу жасап өтетін боламыз.

Нәтижелер

Ежелгі мифология мен танымды талдаған көптеген заманауи ғылыми зерттеулер жылқының Күн Құдайының символы екенін болғанын көрсетеді. «Аттың мінезі құдай мағынасында күн бейнесіне, жердегі күн бейнесіне теңестіріледі» [3, p.113]. Одан бөлек, әрбір қолға үйретілген жануар ежелгі халықтардың түсінігінде белгілі бір әлемге жатқызылған, мысалы: «Жылқы – жоғарғы әлем символы, қой – материалдың, жер әлемінің, сиыр – сыртқы әлемнің, басқа дүниенің, өлілер әлемінің, хаостың символы. Яғни, ат – жоғарғы әлем – даналық әлемнің, ата-бабалар әлемінің символы» [4, pp.31-32]. Дүние жүзіндегі халықтардың ұлттық болмысын, дүниетанымын зерттеген ғалым Г.Гачаев жылқыға ғарыштың үстіңгі бөлігі ретінде қарай отырып, оның үстінде отыратын адамды да аспан яки жоғары әлем мүшесі ретінде санаған [5]. Ислам дінінде де жылқының орны ерекше, тіпті «Жақсылық Қияметке дейін жылқылардың маңдайында болады» деген хадис те сақталған [6]. Сайын даланың ерекше жетістігі болған жылқыны қолға үйрету арқылы да көшпелілер әлемдік өркениетке пайдалы да маңызды үлес қоса алды. Көшпелілердің мәдениеті, әдебиеті мен тұрмыс-тіршілігіне жылқының қолға үйретілуімен келген өзгерістерді, оның ұлттық болмысымызға әсерін әдеби мұраларымыздағы жылқы образына талдау жасау арқылы баға беретін боламыз.

Біз Ұлы даланың бір қыры – жылқы түлігі арқылы ғана әлемдік өркениетке үлкен, маңызды үлес қоса алды. Мұны ғалымдар бүгінге дейін археологиялық қазбалар арқылы қол жеткізген артефактілер мен тарихи ескерткіштерге сүйене отырып дәлелдеп берді. Жетпіс мың жылқының сүйегі табылған Ботай мәдениеті – соның куәсі. Табиғатпен әдемі үйлесімділікте өмір сүре білген қазақ халқының экологиялық мәдениетінің де жоғары болғанын жылқы мәдениеті дәлелдейді. Есік қорғанынан табылған (1969 жылы) алтындалған киімді жас патшаның жанына құрбандық ретінде жерленген жылқылардың ат әбзелдерінің өзі әлем зерттеушілерін мойындатты. Осы жылқы ер-

тұрмандарының безендірілуі – бүкіл мәдениет Батыстан басталды деген түсініктің жаңсақтығын дәлелдеп берді. Өз барыңмен мақтану үшін соның қыр-сырын ашып, сараптап, ғылыми негізде болашаққа бағдар жасауда өзекті.

Сан ғасырлар бойы табиғи сұрыптаудан өткен, автотонды қазақ жылқысы жөнінде атамекенімізге табаны тиген саяхатшылар, зерттеушілер т.б. өз еңбектерінде жан-жақты суреттеген. Қытай шежіресі, Еуропа саяхатшылары, Геродот, Страбон, Марко Поло, Вильгельм Рубрук еңбектерінде «жылқы» туралы көптеген мәлімет келтірілуі көшпелі халық өміріндегі жылқының рөлін айғақтайды. «Указатель литературы по животному миру Туркестана» (Санкт-Петербург, 1927) атты еңбекте де қазақ жылқысы жайында құнды ақпараттардың берілуі – қазақ өміріндегі, менталитетіндегі, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымындағы жылқы рөлінің күштілігін көрсетеді.

Әр халықтың байырғы қазынасын бүгінгі үдеріспен байланыстыратын рухани тәжірибесі ұлтты сақтау үшін қажет. «Ұлттық көркем әдебиет – этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальды ерекшеліктерді берудің әмбебап саласы» [7, р. 3]. Атақты Нысанбай жырау арғымақ атқа тұтастай одаларын арнаса; Доспамбет жырау да «ту құйрығы бір тұтам, тұлпар міндім өкінбен» деп жырлап өмірден өтті. Арғымақ атқа мініп, ашық аспан астында, ұлы дала жерінде желдей есіп, бостан жүрген қазақ оғланының өкінішке қарай, көп ұзамай азат басы құл болды. Ел басына бұлт үйірілген бұл трагедиялық ахуалды да жазушылар жылқы түлігімен байланыстырады. Оның айқын көрінісі С.Жүнісовтың «Ақан сері» романында көрінеді. Мұндағы патша ұлықтарының қазақ жылқыларына көз салып, санақ жүргізіп, оларды тез арада Ресейге жөнелтіп, қазаққа қанат бітірген жылқы малымен байланысын үзуді мақсат еткен арам пиғылын байқау қиын емес. Мұны «лайықты» жалғастыра білген кеңестік әміршілер Голощекин мен Сталин арасындағы қазақ рухын басу мәселесінің шешімі «қазақты жылқыдан айыру» керектігін дәл тапқан көрегендігі өз жемісін берді. Өте аз уақыттың ішінде әрбір қазақ баласы «біз ешкімге бас иеген жылқы тектес асау халықпыз» деп емес, «біз ешкімге соқтықпай, тиіспей, тыныш жатқан қой секілді момын елміз» деп сайрап шыға келді. Заманында жылқы малы да идеология құралына айналғанына тарих куә. Санамыздың түкпірінде там-тұмдап болса да сақталып қалған бұл өнегеге «Ұлы даланың жеті қыры» бастамасынан соң толықтай бет бұрдық. Түптеп келгенде ұлт руханиятының ұстыны болған бұл идея ұлтты ұйыстыруға бастады.

Әлем әдебиетінде көркем туындыларында басты қаһарман ретінде жан-жануарларды суреттеу мысал атасы – Эзоптан басталды. Құл болғандығы үшін қожайынынан қорлық көргені аздай, бүкір болғаны үшін өзі секілді құлдардан он есе қорлық, мазақ, кемсіту көрген, екі аяқтыдан жанын түсінер жан таппаған Эзоп мысалдарының сюжеті өмірден алынған. Эзоп бастаған анимализм дәстүрін А.Конан Дойл, Р.Киплинг, Дафна дю Морье, Джеймс Боуэн, орыс әдебиетінде И.С.Тургенев, К.Паустовский, И.А.Крылов, А.П.Чехов, А.И.Куприн, С.Есенин т.б. лайықты жалғастыра білді. Ал қазақ әдебиетінде М.Әуезов («Көксерек»), Ғ.Мүсірепов («Өмір жорығы»), О.Бөкей («Кербұғы»), Ә.Кекілбаев («Бәйгеторы»), С.Елубаев («Ойсылқара»),

М.Мағауиндер («Құмырсқа-қырғын») өз шығармаларына жан-жануарлар тірлішігі, өмірі, қақтығысын арқау етсе; Т.Әлімқұлов («Қош бол, Абсент»), А.Оразақын («Замана дүлділі»), Ж.Шаштайұлы («Шал мен жылқы»), Н.Дәутайұлы («Айғыркісі»), Н.Ораз («Жылқының көз жасы»), А.Кемелбаева («Шашты»), М.Барақбай («Көк жорғаның көз жасы»), Ұларбек Нұрғалымұлы («Дайағашшы»), Е.Айдабосын («Тұлпардың серті») тікелей жылқы өміріне қалам тартты. Бұл шығармалардың қай-қайсысына да Қамбар ата түлігінің ерекшелігіне терең үңілу, болмысын жаңа қырынан ашу жолындағы ізденістер тән. Негізінде бұл кез-келген жазушының оң жамбасына келе бермейтін тақырып. Өйткені, жылқы тіршілігін өмір философиясымен үндестіріп, оқырманға соны дүниені ұсыну, жануар болмысына жетелеп, соның әлеміне ендіру арқылы аз да болса «адамдығын» ұмыттыру – қаламгерден көп ізденіс, терең білім мен үлкен шеберлікті талап етеді.

Талқылау

Жылқыны қолға үйретуінің әлем дамуына әсері: киім үлгісі қалыптасты; әскердің жасақталуы империялардың құрылуына алып келді; үстемдікке ие болды. Ат үстінде жүріп ұланғайыр даланы жаудан қорғады, ат үстінде жүріп Батыс пен Шығысты жалғастырып, сауданы дамытты. Осы әскери дайындық факторы жөнінде А.Марселинустың: «Жаяу соғыста түркілер мықты емес. Ал аттың құлағында ойнайтындығына ешкім дау айта алмайды. Себебі, аттарына мінсе, аттың үстіне жабысып қалады. Кейде аяқтарын салбыратса, кейде әйелдер сияқты бір жақтап отырып алады. Аттың үстінде құрылтай жинайды. Алыс-беріс, сауда-саттық жасап, аттың үстінде жеп ішеді. Соғыс қимылдары кезінде қорқынышты дыбыстар, айғай-шу шығарып, дұшпанның үрейін алады. Бір қарсылық көргенде жан-жаққа бытырап, қысқа уақытта қайта жиналып, жайдың оғындай дұшпанға тез әрі ойсырата соққы береді» [8, р. 38] дейді. Демек, көшпелілердің әскери салада жаңалық ашуына да жылқы ықпал етті.

Қазақтың көптеген ұлттық ойындары да ат мәдениетіне негізделген (көкпар, жорға жарыс, жамбы ату, теңге ілу т.б.). Осы ойын түрлерінің қай-қайсысы болса да қазақ жігіттерінің батылдығы мен ептілігін, күш-жігері мен төзімділігін шыңдап, шынықтыруға бағытталатыны сөзсіз. Қазақтың әр оғланы жылқы жанын түсіне білетін, қасиетін бағалайтын рухты азамат екендігі ақын-жазушылардың туындыларында, ғалымдардың еңбектерінде сан қырынан дәлелденген. Жылқының еті мен сүті де шипа, денсаулыққа пайдалы екенін медицина ғылымында жақсы дамыған иппотерапия саласы (жылқы жануарының емдік қасиетінің эмоционалдық, физикалық қырын тиімді пайдалануға негізделген) дәйектейді.

Адам баласының ізгі мұрат-мақсаты, асқақ армандары жолындағы күресін жырлау – әдебиеттің басты міндеті. Көркем шығарманың эстетикалық мұратының негізі адамтану мақсатына негізделетін болса, сол жақсылыққа жету жолындағы күресінде басты фигура – жылқыны алуын әдебиеттегі жаңашылдық емес. Жылқы малын дәріптеп, «ер қанаты – ат» деп ел қорғаған баһадүрлердің жан серігі ретінде сипаттап, суреттеу фольклорымыздан бастау

алады. Осы игі дәстүрді жалғастырған жазушы А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінде бала Кенжебекті азаттыққа жеткізген де; атом полигонының салдарынан айықпас дертке шалдығып, қынадай қырылып жатқан қазақ жұртының жылқыны еміп, қымызымен аман алып қалған (Н.Ораз «Жылқының көз жасы», С.Досжан «Қасірет пен тағдыр», «Үзілмеген үміт») жылқының қазақ өміріндегі орны пен рөлі ерекше сипатталған. Қаһармандық жырлардағы ел қорғаған батырларымызды жау қолында қалдырмай еліне жеткізген, қиындықта қорған болған атақты тұлпарларды былай қойғанда қазақтың өзін «жылқы мінезді халықпыз» деуі де тегін емес. Туған жерін сағынып, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде батыстағы майдан даласынан қар құрсанып туған жеріне жетіп жан тапсырған Бәйгекүрен; құлын күнінен баптап, мәпелеп өсірген егесі Жалғасты іздеп қырғыз Алатауынан қашып келген Айғыркісі әрекетін бүгінде екі аяқты пенделер жасай алмайтын дүние деуге болады. Аталған жануарлар бойындағы қазаққа тән туған жеріне деген адалдық пен жақын жанына деген бауырмалдық, мейірімділік қасиеттер еріксіз таңдандырады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде әртүрлі кезеңдерде Ұлы Далада өмір сүрген ата бабамыздың өмірі мың жылдам уақыт бойы жылқы тұлғасымен тікелей әрі тығыз жүзеге асып отырды. Ал тұрмыс-тіршіліктің, мәдениеттің әдебиетте көрініс таппауы мүмкін емес. Әдебиетімізден тілімізге, тілімізден тұрмысымызға, тұрмысымыздан танымымызға айналған жылқының мінезі мен болмыс бітімі, бүгінгі тәуелсіз ел ретінде өткенімізді қайта бағалауға мүмкіндік береді. Танып қана қоймай оны зерттеу арқылы біз қазақ ұлтының, түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттегі орнын анықтаймыз. Бұл кезеңде археологиялық деректермен қоса ауыз әдебиетінде, бергі замандағы жазушыларымыздың туындыларындағы жылқы бейнесін талдаудың маңызы жоғары.

Бұл мақалада біз қазақ әдебиетінде кездесетін жылқы бейнесін, оның әдебиеттегі көрінісін, қазақ жазушылары шығармаларындағы көркемдік бейнесін мәдени-тарихи контексте әлемдік әдебиет пен мифологиялық қазынамен салыстыра шолу жасадық. Зерттеудің келесі сатыларында бұл шығармаларға детальді түрде анализ жасау, негізгі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды қалыптасқан еуроцентристік көзқарастан тәуелсіз деңгейде талдау көзделуде.

ӘДЕБИЕТ

[1] Martin V. Law and custom in the steppe: the Kazakhs of the Middle Horde and Russian colonialism in the nineteenth century. Routledge. 2012., p. 244.

[2] Мырзабеков Ж.Е. Түркі өркениеті және тарихи жаңғырту мәселелері // «Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 19 қаңтар, 2019 жыл. –Алматы: Қазақ университеті, 2019. –512 бет.

[3] Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. –Алматы: Қазақ университеті, 1999. –240 бет.

- [4] Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш., Космос казахской культуры. –Астана: Евразия, 2012. –104 стр.
- [5] Гачев Г. Национальные образы мира. –Москва: Советский писатель, 1988. – 450 стр.
- [6] Имам Бұхари. Сахих әл-Бұхари. Аударған: Ү.Шойбек, Қ.Қыдырханұлы. –Алматы: Кәусар–саяхат, 2007. – 927 бет.
- [7] Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. –Алматы: Қазақ университеті, 2001. –340 бет.
- [8] Сүлейменова Ж.Д. Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және әлем модельдері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. –Алматы, 2011. –171 бет.

REFERENCES

- [1] Martin V. Law and custom in the steppe: the Kazakhs of the Middle Horde and Russian colonialism in the nineteenth century. Routledge. 2012., p. 244.
- [2] Mırzabekov J.E. Türki örkenieti және tarixi jañğırtw мәseleleri // «Ulı dalanıñ jeti qırı және qazaq filosofiyasınıñ özekti мәseleleri» atı xalıqaralıq ғılımı-praktikalıq konferenciya materialdarı. 19 qañtar, 2019 jıl. (Problems of Turkic civilization and historical modernization // Proceedings of the international scientific-practical conference "Seven aspects of the Great Steppe and current issues of Kazakh philosophy." January 19, 2019). Almaty: Kazakh University, 2019. 512 p. [in Kaz]
- [3] Salkynbay A. Tarixi sözjasam. Semantikalıq aspekt (Historical etymology. Semantic aspect). Almaty: Kazakh University, 1999. 240 p. [In Kaz.].
- [4] Karakuzova Zh.K., Khasanov M.Sh., Kosmos kazakhskoy kul'tury (Space of Kazakh culture). Astana: Eurasia, 2012. 104 p. [In Rus.].
- [5] Gachev G. Natsional'nyye obrazy mira (National images of the world).Moscow: Soviet writer, 1988. 450 p. [In Rus.].
- [6] Imam Bukhari. Sahih al-Bukhari. Awdarğan: Ü.Şoybek, Q.Qıdırxanulı. (Sahih al-Bukhari. Translated by: U.Shoibek, K. Kydyrkhanyuly). Almaty: Kausar-sayakhat, 2007. 927 p. [In Kaz.].
- [7] Dadebaev Zh. Jazwşı eñbegi (Writer's work). Almaty: Kazakh University, 2001. 340 p. [In Kaz.].
- [8] Suleimenova J.D. Kone turki madeni jadigerlerindegi adam jane alem modelderi (Models of man and the world in ancient Turkic monuments of culture). Filosofıa doktory (PhD) gylymi darezhesin alu yshin daiyndalgan dissertaciasy. Almaty, 2011.171 p. [in Kaz]

РОЛЬ ЛОШАДИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ И ЖИЗНИ КОЧЕВНИКОВ И ЕЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

*Аскарова Г.С.¹, Абдул Рахманулы А.², Казтаева А. Қ.³, Каримова Г.С.⁴

^{*1}К.ф.н., и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан,

e-mail: gauhar_8@mail.ru,

²Магистр литературоведения, руководитель отдела дистанционного обучения, Университет Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан,

e-mail: a.abdulrakhmanuly@sdu.edu.kz,

³ Магистрант 1 курса специальности « Литературоведение», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,

e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru,

⁴PhD доктор, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,

e-mail: karimova_g77@mail.ru

Аннотация. Инициатива «Семь граней Великой степи» дала новый импульс исследованиям, связанным с историей Казахстана, этнографией и фольклором. Как показали археологические и этнографические исследования, одомашнивание лошадей – достижение Великой степной цивилизации – является важной частью культурного развития человечества. Однако комплексного изучения роли лошади в Великой степи с точки зрения литературно-фольклорного наследия до сих пор не проводилось. Поэтому целью данной статьи является определение роли лошади в Великой степи и, через анализ ее образа в литературе, попытка познать тюркскую культуру в мировой истории, определить ее место в мировой цивилизации. Это, в свою очередь, позволит сформировать представление на основе независимых научных данных, что позволит отвергнуть однобокую оценку истории Казахстана, опровергнуть евроцентрические стереотипы, связанные с культурой одомашнивания лошадей. Литературные произведения заставляют нас понять, что мы являемся наследниками этой культуры, внесшими огромный вклад в сокровищницу человеческого сознания. Поэтому литература должна рассмотреть и по-новому концептуально осмыслить исторические процессы. Предметом исследования является анализ произведений казахской прозы. А исследование художественного образа лошади является важным для нашего будущего.

С другой стороны, колониальный гнет остановил эволюционное развитие нации и привел к духовному кризису. В результате многовековое этногенетическое происхождение и культура нации была уничтожена имперским режимом. Старое генеалогическое древо было уничтожено, а казахский народ почти утратил свою государственность. Инициатива, являющаяся продолжением идеи духовного возрождения, стала началом деколонизации казахской истории, литературы, обычаев и культуры казахского народа. Поэтому целью настоящего исследования является научное определение места и значения лошади, отраженное в литературном наследии от устного народного творчества до литературы наших дней, анализ в романах способов изображения интуиции лошади для раскрытия судьбы и природы человека. Данное исследование было проведено с использованием методов сравнительного и описательного анализа через исследование образа лошади в казахской литературе. Результаты исследования могут быть использованы в областях науки, связанных с литературой и культурой, этнографией казахского и тюркского народов.

Ключевые слова: лошадь, Великая степь, кочевники, национальная ценность, культурный код, верховая езда, фольклор, традиция, этнографический процесс, национальное познание, тюркская культура, колониальный гнет, идентичность, конная культура.

THE ROLE OF THE HORSES IN NOMADS' LIFE AND ITS ARTISTIC IMAGE IN THE KAZAKH LITERATURE

*Askarova G.S.¹, Abdul Rakhmanuly A.², Kaztaeva A.K.³, Karimova G.S.⁴

¹cand.of Phil.Sc., associate professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: gauhar_8@mail.ru,

²Master of Arts, Head of Distance Education division, Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan,
e-mail: a.abdulrakhmanuly@sdu.edu.kz,

³1st year master's student of literary studies, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru,

⁴PhD doctor, associate professor, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan,
[e-mail: karimova_g77@mail.ru](mailto:karimova_g77@mail.ru)

Abstract. The initiative "Seven Edges of the Great Steppe" had a good impact on the studies related to Kazakh history, ethnography, and folklore. Given that Great Steppe's civilisation is unique globally, the equestrian culture is an important part of this civilisation. In addition, the culture of taming horses is considered one of world civilisation's main achievements. Therefore, this article aims to study the role of horses in the Great Steppe from the perspective of literary and folklore heritages. Also, it might contribute to identifying the Turkic culture in world history. It will allow an approach based on independent scientific data, rejecting one-sided assessments of Kazakh history, including examples of Eurocentric stereotypes about equestrian culture. Many literary works in our literature make us feel that we are the inheritors of a culture that has greatly contributed to the treasures of the human mind. Our literary heritage should lead to a new conceptual understanding of historical processes in the region. Moreover, studying the horse's appearance in literature, poetry, and folklore is a tool for shaping the future.

On the other hand, colonial oppression stopped the evolutionary development of the Kazakh identity, which led to a spiritual crisis. As a result, the imperial regime overshadowed the nation's centuries-old ethnogenetic origin and culture. The ancient genealogy became obscure, and the Kazakh nation almost lost its statehood. The initiative, a legitimate continuation of the idea of spiritual revival, paved the way for the decolonisation of Kazakh history, literature, customs, and culture. This contemplation showed that the Kazakh steppe is a sacred place where civilisation is intertwined and nomadic culture expands. It was noted that Kazakhstan is the fatherland of the Great Steppe, the cradle of the Turkic world, and a stable place of common heritage. The purpose is to scientifically define the role and significance of the horse for the nation, which is reflected in literary heritage, from folklore to today and to examine the ways of picturing the horse's intuition in the novels to reveal the nature of human destiny and the world's falsity. This study was conducted by using comparative and descriptive analysis methods. The study's results can be used in the fields of science related to literature and culture and ethnography of the Kazakh and Turkic nations.

Keywords: Horse, Great Steppe, Nomads, national values, cultural code, horse riding, folklore, tradition, ethnographic process, national knowledge, Turkic culture, colonial oppression, identity, equestrian culture.

Статья поступила 05.10.2022